

**Жәнібек аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №29-4 "Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 2-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 сәуірде № 7143-07 болып тіркелді

Жәнібек аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. "Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Жәнібек аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 29-4 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7108 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімде шешімге қол қоюшы лауазымды тұлғаның атауы "мәслихат хатшысынан" "мәслихат төрағасы" сөздеріне ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*Т. Кадимов*